



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

Шұбарқұдық кенті
Желтоқсан, 8
2020 жылғы 30.12.

№ 281

поселок Шубаркудук
ул.Желтоқсан, 8
_____ 2020 год

Темір ауданы бойынша сауда-саттықта (конкурс, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің тізбесін анықтау туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 48 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №290 «Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды), оның ішінде электрондық түрде, ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Темір ауданының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жалпы көлемі 0,1155 га құрайтын 7 жер учаскелерінің тізбесі қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін жер учаскелері ұсынылған және осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды орындау Темір аудандық жер қатынастары бөліміне тапсырылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Темір ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Темір ауданының әкімі

Ж.Батырхан

Саудада (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің тізімін бекіту туралы

P/c	Сауданы өткізу тәсілі мен әдісі	Құқықтан айыру түрі	Жер учаскесінің алаңы (га)	Нысаналы Мақсаты	Жер учаскесінің орналасқан жері
1	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,015	дәріхана ғимаратын орналастыру және қызмет көрсету үшін	Шұбарқұдық а.о., Шұбарқұдық кенті, Қызылжар молтек ауданы
2	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,010	үй жайларды (құрылыстар мен ғимараттар) орналастыру және қызмет көрсету үшін	Шұбарқұдық а.о., Шұбарқұдық кенті, Қызылжар молтек ауданы
3	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,010	дүкен орналастыру және қызмет көрсету үшін	Шұбарқұдық а.о., Шұбарқұдық кенті, Қызылжар молтек ауданы
4	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,010	дүкен орналастыру және қызмет көрсету үшін	Шұбарқұдық а.о., Шұбарқұдық кенті, Қызылжар молтек ауданы
5	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,0225	дүкен орналастыру және қызмет көрсету үшін	Жақсымай а.о., Шұбарқұдық ауылы, (оргалық стадион жанынан)
6	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,018	дүкен орналастыру және қызмет көрсету үшін	Жақсымай а.о., Шұбарқұдық ауылы, Новостройка көшесінен
7	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,03	дүкен орналастыру және қызмет көрсету үшін	Жақсымай а.о., Шұбарқұдық ауылы, Новостройка көшесінен
Барлығы			0,1155		